

тіліндегі *Мәскеу атлығ шаһар, Борис атлығ хан* тіркестері атаулық тіркестердің бұрыннан келе жатқан құбылыс екенін айқындайды» деген тұжырыммен дәлелденеді [6,101].

Демек, бір ұғымды білдіретін сөздердің қатысы арқылы жасалған атаулардың *сөзжасамдық моделін* айқындап, оның бастау көзін жазба ескерткіштер тілімен байланыстыруға негіз бар.

Қорытынды. Көне және орта түркі жазба ескерткіштер тіліндегі тілдік деректер мен грамматикалық көрсеткіштер қазіргі қазақ сөзі мен тілінің тарихи тамырын анықтауға арқау бола алады. Оған Ф.Мұсабаевтың «етістіктің келер шағы көне түркі тілінде -дүр тұлғасында қолданылған. Бұл форма тек қана XII ғасырда өмір сүрген Хожа Ахметте емес, Абай Құнанбаевтың *Ақыл мен хауас барлығы, Білмейдүр жүрек, сезедүр. Мүтәкәллімин, маникин, Бекер босқа өведүр* – деп жазған өлеңінде де кездеседі. Осындағы -дүр етістіктің келер шағын білдіретін жұрнақ болса, оның арғы тегі *түр* деген толық мағыналы сөз, етістіктің түбірі. Мұның о бастағы мағынасы алыстап, формасы өзгере келе -ды, -ді,-ты, -ті етістіктің өткен шақ көрсеткіші болған. Тілдегі тұлғалардың қалыптасуының ұзақ процесс екеніне бұл да бір айғақ» деген [1, 97] тұжырымын басшылыққа аламыз. «Жиырмасыншы ғасырға дейін түріктің тілін аздырмай асыл қалпында алып келген тіл турасындағы абырой мен алғыс қазаққа тиісті» деген Ахмет Батұрсынұлының сөзімен ойымызды түйіндей келе, көне дәуір ескерткіштерінен бастап бүгінгі күнге дейінгі жазба мұраларымыздағы тарихи-лингвистикалық факторлар «қазақ» сөзінің тарихи негізі мен терминдік мәнін айқындауға арқау бола алады деп тұжырымдаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Мұсабаев Ф. *Үйсін туралы пікірлер // Қазақ тарихынан. Алматы, «Жалын» баспасы, 1996. - 28,56 б.т.*
- 2 Салғараұлы Қ. *Хандар кестесі. Алматы, «Жалын» баспасы, -1992 – 48 бб.*
- 3 Бичурин Н.Я. *собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. М - Л.: Изд-во Акад. наук СССР, 1950. - 471 с. 1 Том.*
- 4 Құрышжанұлы Ә. *Тіл тарихы жайында ойлар. Ғылыми мақалалар жинағы. Алматы-2006, - 182 б.*
- 5 Малов С.Е. *К истории казахского языка. «Известия АН СССР» отделения литературы и языка. VIII серия. № 3. 1941 - 98 с.*
- 6 Ильясова Н.А. *Қазіргі қазақ тіліндегі атаулық тіркестер: қалыптасуы мен даму үрдісі. Филол. ғыл. канд. диссерт. Алматы, 2003. - 122 б.*

References:

1. Mūsabaev Ğ. *Üysin turaly pikirler // Qazaq tarihyнан. Almaty, «Jalyn» baspasy, 1996. - 28,56 b.t.*
2. Salğaraūly Q. *Handar kestesі. Almaty, «Jalyn» baspasy, -1992 – 48 bb.*
3. Bichurin N.Īa. *sobranie svedeni o narodah, obitavshih v Srednei Azii v drevnie vremena. M - L.: İzd-vo Akad. nauk SSSR, 1950. - 471 s. 1 Tom.*
4. Qūryshjanūly Ä. *Til tarihy jaiynnda oilar. Ğylymi makalalar jinağy. Almaty-2006, - 182 b.*
5. Malov S.E. *K istorii kazahskogo iazyka. «İzvestia AN SSSR» otdelenia literatury i iazyka. VIII seria. № 3. 1941 - 98 s.*
6. İläsova N.A. *Qazairgi qazaq tilindegi ataulyq turkester: qalyptasuy men damu ürdisi. Filol. ğyl. kand. disert. Almaty, 2003. - 122 b.*

МРНТИ 16.01

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.18>

Қасенов Е.С.¹

¹*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан*

АМАНХАН ӘЛІМ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ БІРЛІКТЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІГІ

Аңдатпа

Мақалада ақын Аманхан Әлім поэзиясындағы тұрақты сөз тіркестерінің қолданылу ерекшелігі қарастырылған. Ақын қолданысындағы фразеологизмдердің ақынның өзіне ғана тән шеберлікпен қолданылғандығы және олардың ұлт танымымен байланысы сөз болған. Ақын Аманхан Әлім поэзиясындағы фразеологизмдерден ақынның дүниеге көзқарасы мен өмірлік тәжірибелерінің бір көрінісі анық байқалатыны сөз етілген. Ақын өлеңдеріндегі фразеологиялық бірліктер бүтін бір ұлттың дүниеге деген көзқарасы, айнала қоршаған ортаға қарым-қатынасы, сондай-ақ халық даналығынан жинақталғандығы да мақалада көрініс тапқан. Сонымен қатар Аманхан Әлім поэзиясындағы фразеологизмдерді зерделеу өлең мәтініндегі тұрақты тіркестердің ерекшелігін тануға мүмкіндік беретіндігі нақтылы мысалдармен берілген. Аманхан Әлім поэзиясындағы тұрақты сөз тіркестері тілдік бірліктердің қарапайым тізбегі емес, ұлт тілінің көркемдігін айшықтау құралы екендігі де дәлелденген. Жалпыхалықтық фразеологизмдер құрамындағы тілдік бірліктердің өзге бірліктермен алмастырыла қолданылуы, ақын поэзиясының эмоционалды бояуын арттырып, қазақ тілінің ұлттық қазынасына үлес болып қосылатындығы сипатталған. Ақын

Аманхан Әлімнің ұлт тіліндегі фразеологизмдерді мағына жағынан болсын, сыртқы форма жағынан болсын түрлендіріп қолдануы ақынның ұлттың тіл байлығын пайдаланудағы шеберлігін айқындайтыны мақалада нақты көрсетілген.

Түйін сөздер: ұлттық тіл, стильдік қолданыс, фразеологизмдердің көркемдігі, ауызекі сөйлеу тілі, өмірлік тәжірибе

Kasenov Y.¹

*¹Kazakh National Pedagogical University named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

THE FEATURES OF THE USE OF PHRASEOLOGICAL UNITS IN THE POETRY OF AMANHAN ALIM

Abstract

This article considered the individual features of the use of phraseological units and phraseological phrases in the poetry of Amanhan Alim. It shows the skill and its , diversity, wealth, as well as the artistic phraseology that reveal the life experience of the poet in the paradigm of the characteristics of national knowledge, and furthermore only his inherent view of the world when interacting with the surrounding society. In the poetry of Amanhan Alim, there are many phraseological units and phraseological phrases taken directly from the depths of the national wisdom, but also specific examples associated with individuality of the poet, entirely new phrases, in which his personal stylistic skills are emerging. The attractive power of Amanhan Alim's poetry, the internal energy of the individual and individual phraseological phrases, reinforce the meaning and emotional coloring of his poetry, and also contributes to the national treasury of the Kazakh language in general.

Keywords: the national language, stylistic use of phraseological units artistry, conversational speech, life opyt

Kasenov E.C.¹

*¹Казахский Национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан*

ОСОБЕННОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ФРАЗЕОЛОГИЗМОВ В ПОЭЗИИ АМАНХАНА АЛИМ

Аннотация

В данной статье рассматриваются индивидуальные особенности использования фразеологизмов и фразеологических оборотов в поэзии Аманхана Алим. В ней показано мастерство, разнообразие, богатство, а также художественность фразеологизмов, которые раскрывают жизненный опыт поэта в парадигме особенностей национального познания, только ему присущий взгляд на мир при взаимодействии с окружающим обществом. В поэзии Аманхана Алим существует множество фразеологизмов и фразеологических оборотов, взятых непосредственно из недр национальной мудрости, но также приведены конкретные примеры, связанные с индивидуальностью поэта, совершенно новые словосочетания, при которых вырисовывается его личное стилистическое мастерство. Притягательная сила поэзии Аманхана Алим, внутренняя энергия приведенных индивидуальных фразеологических оборотов усиливают смысл и эмоциональную окраску его поэзии, а также вносят вклад в национальную сокровищницу казахского языка.

Анализируются особенности употребления типов фразеологических единиц в стихах Аманхана Алима. Отмечается, что фразеологические единицы в произведениях выполняют роль текстобразующих элементов, являются способом и средством глубокой выразительности и яркости поэтического языка. В поэзии А.Алима фразеологические единицы, соединяясь с экспрессивным текстом, обеспечивают характерологическую образность.

Ключевые слова: национальный язык, стилистическое применение, художественность фразеологизмов, разговорная речь, жизненный опыт

Кіріспе. Поэзия тілін тану – өлеңнің ішкі мазмұны мен қаламгер тіліндегі тілдік бірліктерге танымдық, лингвистикалық қырынан үңілу. Мұндай зерттеулер тіл бірлігінің бойындағы жасырын жатқан мағыналық мүмкіндіктерді ашып, көркем шығарманы толық түсінуге жағдай туғызады. Сондықтан поэзия тілінің көркемдік, өзіндік бітім-болмысын айқындау – ақындар қолданған көркемдік құралдар, синтаксистік құрылымдар мен лексемалар, фразеологизмдердің өлең өріміндегі көркемдігін зерттеу.

«Ғасырдан ғасырға ұласып, ұрпақтан ұрпаққа мирас болып, көне заманнан келе жатса да байырғы бедерін жоғалтпай, сонылығын сақтаған алуан айшықты, терең мазмұнды тұрақты сөз тіркестері ана тіліміздің асыл қазынасы іспетті. Бейнелі сөз орамдары дөп тигізіп айтар дәлдігімен, ерекше көркемдігімен кімді де болса әрдайым баурап алады» – дейді ғалым Н.Уәлиұлы [1, 39 б.]. Демек, фразеологизмдер – өлең өлкесінде сан құбылып, түрленіп қолданылатын әсем де әсерлі, көркем де бейнелі сөз өрнегі. Фразеологизмдерді зерттеуші ғалым Р.Сыздық «поэтикалық фразеологизмдер» деп атап, мынадай анықтама ұсынады: «олар әдетте бір нәрсені затты, сынды,

қимылды, қимылдың амалын жай атамайды, суреттеп, бейнелеп, астарлап, «мадақтап» не «балағаттап» атайды, яғни айтушының (жазушының, ақынның) сол нәрсеге – объектіге «пейілін» - көзқарасын білдіре атайды. Демек, поэзия тіліндегі фразеологизмдердің басты белгісі – олардың образды (бейнелі) болатындығы – дейді [2, 94 б.]. Ойды көркем жеткізуде қолданылатын құрамы мен құрылымы тұрақты тілдік единица – фразеологизмдер көркемдік құралдың қатарын толықтырады да, көркемдік пен әсерлі танымға қызмет етеді.

Әдістеме. Мақала тақырыбына сәйкес психологиялық, педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерге талдау жасау мен сипаттау, салыстыру, жүйелеу, әңгіме жүргізу, қорыту сынды әдістерді қолданылудың маңызы зор. Сондықтан да түрлі әдістер мақала мазмұнының тереңдеуіне ықпал етеді.

Нәтиже мен талқы. Тіліміздегі фразеологизмдерді мағына жағынан болсын, сыртқы форма жағынан болсын түрлендіріп қолдану белгілі бір қаламгердің ұлттың тіл байлығын пайдаланудағы шеберлігі мен танымдық ерекшелігін айқындаса керек-ті. Осы тұрғыдан алғанда өлең өріміндегі тұрақты тіркестер тек көріктеу құралы ғана емес, көркем сөз шеберінің көзқарасын, идеясын, суреттеп отырған кейіпкердің ішкі жан дүниесін, болмысын таныту мақсатында да қолданылып, ұлттық сипатқа ие болады. Стильдік мақсаттан туған алуан түрлі фразеологизмдердің поэзиялық туындылардағы қолданысын қарастыруда қазақ поэзиясында өзіндік қолтаңбасы бар ақын Аманхан Әлім поэзиясын зерделеуді мақсат еттік. Ақынның терең де мазмұнды, көркем суретті, сиқырлы ұйқаспен жазылған поэзиялық туындыларындағы фразеологизмдері бейнелі әрі мәнерлі болуымен қатар, өлеңнің эмоционалды-экспрессивті бояуын арттыруымен ерекшеленеді. Мысалы, ақын Аманхан Әлім:

*Жабағы бұлт еңсесін басқан күйі,
Жасын сығып алады аспан жиі.
Бүрсеңдеген жапырақ бүкір белді,
Бойын алар ызғардан қашқан бүйі. («Мәскеу саздары», 188 б.)*

*Көрсететін болымсыз бойды ғана,
Шемен тасқа шегелеп қойды қала.
Енді-енді игеріп келе жатыр,
Көк бөрісі оянған ойды бала. («Ұстазым Көроғұлына»б.)*

– деген жолындағы «жасын сығу» - деген тіркес ақынның айтпақ ойын көркем жеткізуге септігін тигізіп тұр. Мұндағы ««жасын сығу», жауын жауу» мәнінде, ал «шемен тасқа шегелеу» - «еріксіз байлау» мәніндегі шебер қолданыс. Ақын А.Әлім «тасқа шегелеу» деп қана емес, «шемен тасқа шегелеу» деп алып, ерекше стильдік қолданыстағы фразеологиялық тіркес жасап тұр. «Шемен тасқа шегелеу» - тілімізде бұрын-соңды болмаған жаңа фразеологиялық тіркес. Әсіресе, ақын А.Әлімның мына өлеңдеріндегі фразеологизмдердің өзіндік қолданысы ерекше көзге түседі. Мысалы,

*Қарға адым келтірмей бір басуға,
Қара суық қабынып тұр ма асуда?..
Өмір жайлы, Аманхан, осындайда,
Көңілсіздеу сенімен сырласуда. («Түнгі аспан», 43 б.)
Жайылған қараңғылық тарапты інге,
Тұрсың сен мысық көз Ай қарап кімге?!
Бойына тыныштықтың қан жүгіріп,
Қызығын қиды жастық барақ түнге. («Үзіліп сары жаздың ақырғы әні», 19б.)*

*Басылмаған байызы барақ түнде,
Мысық көз Ай тұрсыз, Сіз, қарап кімге?!
Салқын сәулең сыланған сынап білем,
Мысалы, тышқан бүкті тарапты інге. («Кеудемдегі оянып бағы бар мұң», 28 б.)*

*Ат жақты Айдың сәулесін тізгін делік,
Қыздырмайды қанымды ызғын желік.
Қанатынан қайырылып жаз құлады,
Құшағына қызусыз күздің келіп. («Мазалайды беймаза ой шалды шыңдап», 38 б.)*

Жоғарыдағы жолдардан «қара суық қабыну», «жаз құлау», тілімізде жиі қолданыс тауып жүрген «байыз тарту» тіркесінің орнына «байызы басылмау» сынды соны фразеологизмдерді кездестіруге болады. Сөз қолданудағы ақынның мұндай еркіндігі бұрыннан қалыптасқан фразеологизмдерді қамырша илеп, соны тіркестер ретінде қолдануға мүмкіндік беріп тұр. Тағы бір мысал:

*Бозінгендей боздаған борықтағы,
Жаман екен көңілдің торыққаны.*

*Ішін тартып ұлыған жел құбырда,
Мысалы, бөрі ойлаған жорық қамы. («Қолтықтағы ауыл», 11 б.)*

*Сусыған етек басты құмаң күзгі,
Өшірді өрге салған күмәнді ізді.
Шекесін жарып лақ шыны қақтың,
Жайылған жер бауырлап тұман жүзді. («Іірімдей ііні түсіп иректелген», 93 б.)*

*Қайтарды құс тұмсық күн қысқа басын,
Мезгілдің үрдісі асып қыстағасын.
Аспандай ала бұлт әужемдеген,
Қам көңіл қапа қысып ысталасың («Мәскеу саздары», 185 б.)*

– деген жолдарда ақын «бозінгендей боздау», «тұман жүзу», «қапа қысып ысталу» тәрізді метафора түріндегі фразеологиялық бірліктерді қолданып, сипаттау арқылы уайым-қайғы арқалаған жанның аянышты кейпін бейнелейді. Әр ақынның дүнені танудың өзіндік суреті, талғамы болатыны секілді ақын А.Әлім поэзиясындағы мұндай фразеологизмдердің сипат-сипқы да ерекше. Сондай-ақ ақын жалпыхалықтық фразеологизмдерді өзгертпей де, көркемдік мақсатына орай өзгертіп, жетілдіріп қолданғаны да аңғарылады. Мысалы,

*Азанышының дауысы аспан ілген,
Бара жатыр астасып қас-қағыммен.
Олар іште, сырттағы қақ суына,
Кебістерін кеме ете бастадым мен. («Арыстанбаб», 181 б.)*

*Сыланып салқын жерден рең кеткен,
Ұрады қыс ызғары күрең көктен.
Мысалы, «әпсін» оқып үшкіргендей,
Күйі кешіп көңілсіздеу жүрем көптен («Үркердей үркіп ауыл...», 50 б.)*

Бұл жолдардағы «аспан ілу» (дауысы жер жарып), «қыс ызғары ұру» сынды тұрақты сөз тіркестерін авторлық фразеологизмдер ретінде танимыз. Авторлық қолданыстағы бұл фразеологизмдер поэзия тілін жаңа сатыға көтергені белгілі. Ал ақынның:

*Бөлекше бөзге ораған боз даланы,
Сары ала сағым сел түс қозғалады.
Түбінде ірі ақын болармын мен,
Келеді күлтеленіп сөз балағы. («Келеді күлтеленіп...», 22 б.)*

*Басылмаған байызы барақ түнде,
Мысық көз Ай тұрсыз, Сіз, қарап кімге?! -
Салқын сәулең сыланған сынап білем, («Кеудемдегі оянып бағы бар мұң», 28 б.)*

– деп келетін өлең жолдарындағы «сөз балағы күлтелену», «сәулесі сылану» сынды тұрақты сөз тіркестерінің қай-қайсысы да өлеңнің жалпы экспрессивтік үндестігін күшейтеді, эмоциялық бояуын әрлендіреді, күшті сезім туғызады. Ал ақынның:

*Маздайды біздің үйде май шам ғана,
Сеземін жол сүзеді байсалды Ана.
Құлынын күткен жанға кірпік ілмей,
Қара түн қанатыңды жайсаң нала. («Шоршыған шортан Ай да қайда қалды », 277 б.)*

*Жартыкеш жарық дүние шараң құрып,
Өтеуге көрсеткенмен сараң қылық, -
Көгенге көзін сүзген борсық сынды,
Барады қоюланып қараңғылық («Қызылдың құмы десек уақытты», 201б.)*

– деп келетін өлең жолдарындағы «жол сүзу», «көгенге көз сүзу» сынды тіркестер ұғымды дәлме-дәл, жан-жақты бейнелеп жеткізуде ерекше бейнелі мән беріп тұр. Фразеологизмдердің осындай мүмкіншіліктерін ақын өз жырында кейіпкерлердің психологиялық күйініш-сүйініштерін, ой әсерлерін, рухани жан дүниесін нақты да нәзік бейнелеуге шебер таңдап, асқан талғампаздықпен жұмсайды. Оны мына мысалдардан да көреміз:

Қызылқұм үрлей соққан үрме құмды,
Көтердің кеудемдегі бірде мұңды.
Сағыныш саған деген сары белдік,
Шеше алмай, білесің бе, жүргенімді?» («Этюд», 122 б.)

Қып-қызыл құм, Қызылқұм, қызыл бұлау,
Терезеден телмірген күзің мынау.
Тасыр тартқан ішектей талғам білмей,
Қайран көңіл мұң еміп үзілдің-ау. («Этюд», 122 б.)

Сал сағыныш жүректі сыздатқалы,
Көкіректе қаншама мұз қатпады.
Алыс Мәскеу... Сыр бойы... Қожатоғай
Жұлдыздың жақсы емес пе түзде аққаны. («Мәскеу саздары», 191б.)

Қазақтың әдеби тіліндегі әсірелеу, көркемдеу тәсілінің ішінде фразеологизмдердің алатын орны да, ішкі мазмұны да, грамматикалық құрылысы да ерекше деп айтуға болады. Мысалы,

Көкем білем оған да соны айтады,
- Қойып кеттің қалай, - деп жолай тағы.
Тісін қайрап содан соң біреулерге,
Көңілінің наласын молайтады. («Тоқаш көкеме», 197 б.)

Жоғарыдағы шумақтағы «тісін қайрау, «көңіл наласын молайту» сынды тіркестердің орын алуы терең философиялық ойдың, ғасырлар бойы жинақталған тәжірибенің сұрыпталған тұжырымы, негізгі нәрі, қысқа да көркем бейнесі. Ақын поэзиясындағы мұндай тұрақты сөз тіркестері авторлық ойға айрықша әр, өзгеше мәнерлілік беріп ерекше кестеде көрініс тапқан. Ақын қолданысындағы қызметі мен құрылымы өзгеше тың тіркестер дерексіз ұғым мен нақты зат атауын бейнелі ойдың суреті, біртұтас күрделі ойдың ықшам мазмұны етіп алуымен айрықша өңге ие.

Бүгінгі қоғамдағы халықтың тұрмыс-тіршілігі мен елдің саяси өміріндегі өзгерістер де ақын назарынан тыс қалмаған. Ұлтқа тән руханилықты болмыс-бітіміне жиған ақын тілдегі фразеологизмдерді идеялық мақсат-мүддесіне қарай қолданып отырады. Мысалы,

Темір жолдың бойында өскен қайың,
Сезіліп тұр беймаза кешкен жайың, –
Тыныс кеміп, тамырың тартылады,
Составтардан бір екпін ескен сайын («Темір жолдың бойында өскен қайың», 20 б.)
Не деген мына мезгіл сабырлы еді,
Тынысын тіршіліктің таң үрледі.
Мөп-мөлдір мойыл аспан көзін тіккен,
Жаз деген жарқын айдың Мамыр меңі. («Мамыр – май», 21 б.)

Ақын тілімізде қолданылып жүрген «тынысы тарылу» фразеологизмін «тынысы кему», «тынысын үрлеу» сынды нұсқада береді. Бұл жолдардағы «тамыры тартылу» фразеологизмі «тынысы кему» тіркесіне жалғаса қолданылып, өлеңнің бояуын күшейтіп тұр. Жоғарыдағы жолдардан алынған «тынысы кему», «тынысын үрлеу», «көкіректе мұз қату», «көңілінің наласы молаю» т.б. тұрақты сөз тіркестерін авторлық фразеологизмдер ретінде танымыз. Авторлық қолданыстағы бұл фразеологизмдер поэзия тілін жаңа сатыға көтеріп, оның өркендеуіне әсерін тигізгені, тигізері даусыз. Ақын туындыларында тұрақты сөз тіркестерінің «сөз сату, сөз қату, сөз салу, көлденең сөз, қаңқу сөз, көңілін басу, көңілі тасу, көңілі судай тасу, көңілі қаяу, бағы таю, бағы ашылу, бағын сынау, бақ құмар, бағын байлау, тілін тартпау, тіл мен көз тию, тілге жүйірік, іші-бауыры өртену (жануб.), ішін тарту, іштен шалу, іші сезу, іші өртену, жерге түкіру жерге тығу, жерге қарау, жер қайысу, бет моншағы үзілу, құйрық тістесіп келу, бұлаң құйрықпен жорыту, судай сапыру, ағын судай екпіндеу, құлақ тұру, құлағына кую, құлағымды кесіп берейін, құлағын салу, құлағын бұрау құлақ тосу, қанат қағу, қанат біту, бас аяғына қарау, басын құшу, бас қосу басына бәле жабу, бас имеу, басын тауға да, тасқа да ұру, көзі жету, көзін жеткізу, қол ұзу, қол ұшың беру, т.б. неше алуан түрі кездеседі. Аталған фразеологизмдердің әрқайсысынан ақын ойында қорытылған образды бейнені түсінеміз, әр түрлі құбылыстардың образды бейнесін көреміз.

Қазақ тіліндегі жеке сөздер сияқты ұзақ дәуір туғызған фразеологиялық тіркестер қыры мен сыры мол өлең өлкесінде бұрыннан кездеседі десек те ойды бейнелі де көркем жеткізу үшін ақын Аманхан Әлім фразеологизмдерді түрліше құбылттып қолданылғаны белгілі. Осы орайда ғасырлар бойы қалыптасқан жалпыхалықтық фразеологизмдерді тура күйінде де қолданды, өзіндік ізденісі нәтижесінде жетілдірді. «Әдеби шығарма тілін

көркемдеп, жандандырып, нәр беруші амалдардың бірі – халық тіліндегі тұрақты фразеологиялық тіркестер. Олар тілдегі бейнелі, экспрессивті, эмоциялы бояуы қанық амалдардың қатарынан орын алады. Олар – ұлттың психикалық өзгешелігінің негізінде қалыптасқан образды ойлау тілінің үлгілері, халықтық даналыққа суарылған өткір құралдар» - деген Хасан Кәрімов пікірін ескере келе, ақын шығармаларынан мынадай мысалдар келтіруге болады[3,134 б.]. Мәселен, ақынның:

*Мыртық бойлы көк түйнек сыр түйеді,
Естен шықпас ерекше бір күй еді.
Кер кеуректің жамылған көлеңкесін,
Кесірткенің кірпігі кіртіеді. («Бесін» өлеңінен, 21 б.)*

*Тірліктің жақсылыққа жорып таңын,
Көн мойын торсық байлап торықпадым.
Арақтың шалығы сәл шалғанымен,
Бұзылып кеткенім жоқ қорықпағын («Мәскеу саздары», 185 б.)*

– деген өлеңдеріндегі «кер кеуректің көлеңкесін жамылу», «торсық байлап торықпау» сынды тіркестері оқырманға айрықша әсер етуімен ерекшеленеді. Мұндағы «кер кеуректің көлеңкесін жамылу» мен «торсық байлап торықпау» тіркестері окказионал фразеологизм ретінде ақынның өзіне тән ерекшелігін танытады әрі белгілі бір мезеттегі ақынның ішкі жан-дүниесінің астаң-кестең толқынысынан хабардар етеді.

Қорытынды. Түйіндей келгенде, ақын Аманхан Әлім ұлт тілінде ғасырлар бойы поэтикалық көркемдікке қызмет еткен фразеологиялық бейнелі тіркестерді көркемдік талаптарына сай шеберлікпен пайдалана білді, әрі қарай жетілдірді, дамытты. Бәлкім, өлең жазу барысында ақын соны тіркес іздемеген де болар. Бірақ, мұның бәрі ұлт тілінде қолданыс тауып жүрген түрлі ұғымдардың ақын елегінен тыс қалмай, ақын санасында жаңа формада берік орныққанын аңғартса керек. Сондықтан да ақынның жаңа фразеологиялық қолданыстары тосын құбылыс болды және әдеби тілдің қатарына еркін еніп, етене қабылданып кетті. Ал қабылдану – тіл дамуының, ой дамуының мызғымас көрсеткіші.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Уәлиұлы Н. Фразеология және тілдік норма. Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1999. – 128 б.
2. Сыздық Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы, 1995. – 201 б.
3. Кәрімов Х. Қанатты тіл. - Алматы: Санат, 1995. – 144 б.
4. Әлім А. Ай нұры алақанымда. – Алматы: Атамұра, 2003. – 138б

References:.

1. Uәliūly N. Frazеologia jәne tildik norma. Almaty: Respublikalyq baspa kabinetі, 1999. – 128 b.
2. Syzdyq R. Abaidyñ sөz örneгі. – Almaty, 1995. – 201 b..
3. Kәrimov H. Qanatty til. - Almaty: Sanat, 1995. – 144 b.
4. Ālim A. Ai nūry alaqanymda. – Almaty: Atamūra, 2003. – 138b.

МРНТИ 16.01

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.19>

Қасенов Е.С.,¹ Жиренов С.А.¹

^{1,2}Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

ПРОФЕССОР Қ.ЖҰБАНОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТЕРМИНОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада қазақ терминологиясының пайда болуы мен дамуындағы Құдайберген Жұбанов еңбектерінің маңызы айтылған. Ғалым Құдайберген Жұбанов еңбектеріндегі термин мәселесі мен қазақ тіл білімі терминдерінің жасалу жолдары нақтылы мысалдармен дәлелденіп берілген. Термин жасаудағы ғалым ұсынған ғылыми ұстанымдар да сөз болған. Құдайберген Жұбановтың терминология саласындағы еңбегінің өлшеусіз екендігін айғақтайтын пікірлер нақты дәйек ретінде келтірілген. Халықаралық терминдерді аудару мәселесіндегі ғалым Құдайберген Жұбановтың пікірлері мақалада сөз етіліп, нақты дәйектер келтірілген. Ғалым Құдайберген Жұбановтың интернационалдық сөздерден қашпау керек деген ұстанымының маңызы туралы дәлелді түрде жеткізіледі. Сондай-ақ мақалада Құдайберген Жұбановтың сөздің терминге айналуы барысындағы қосымшаның өзіндік ерекшелігі жөніндегі ойлары да сөз етілген. Ғалым Құдайберген Жұбановтың сөзге жалғанған әрбір қосымша белгілі бір ұғымға қатысты жалпылық сипатқа ие жаңа сөз жасайтынын нақтылап бергендігі де барынша сипатталған. Қазіргі тіл білімінде терминнің негізгі қасиеттерінің бірі мағына дәлдігі десек, бір тіл мен екінші тіл арасындағы мағына